

ХҒТАР  
11.01

## Нұрқанат Әлімғазыұлы<sup>1</sup>, Теңгеш Қаленова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты  
Астана, Қазақстан  
*e-mail: alimgazyulynurkanat02@mail.ru*

<sup>2</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих ғылымдарының  
кандидаты, қауымдастырылған профессоры  
Астана, Қазақстан  
*e-mail: kalenovats@mail.ru*

### ERASMUS + БАҒДАРЛАМАСЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ: САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Орталық Азия елдері үшін Erasmus+ бағдарламасы жоғары оқу орындарын интернационалдандыру және тұрақты түрде тәжірибе алмасу үшін маңызды тетікке айналды. Еуропа елдерінде студенттер тек білім саласында ғана емес, мәдени тұрғыдан да тәжірибе алмасатынын ескеру қажет. Бұл өз кезегінде Erasmus+ бағдарламасы арқылы Еуропалық елдердің «жұмсақ күш» саясатын қаншалықты тиімді жүргізіп отырғанының дәлелі. Сонымен қатар, Орталық Азия елдеріндегі жас ұрпақтың арасында Еуропа елдерінде оқуға деген ұмтылыс жыл сайын жоғарлағанын байқауға болады.

Бұл мақалада Орталық Азия, соның ішінде қазақстандық студенттердің Еуропа елдерінде білім алу жөніндегі пікірлеріне саясаттанулық талдау жасалынады. Жоғары білім алушы студенттердің академиялық ұтқырлық, Erasmus+ бағдарламасына қатысуы экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан зерттеулер арқылы талданады. Атап айтқанда, студенттердің шетелде оқуға дайындығы, бағдарлама туралы ақпараттың жеткіліктілігі және халықаралық ұтқырлықтың артықшылықтары мен кемшіліктері зерттеледі.

**Түйін сөздер:** Erasmus+, Орталық Азия, саясаттанулық талдау, білім, академиялық ұтқырлық, жұмсақ күш.

**Нұрқанат Әлімғазыұлы, Тенгеш Каленова**

## **ПРОГРАММА ERASMUS + КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ**

**Аннотация.** Для стран Центральной Азии программа Erasmus+ стала важным механизмом интернационализации вузов и постоянного обмена опытом. Необходимо учитывать, что в европейских странах студенты обмениваются опытом не только в сфере образования, но и в культурном плане. Это, в свою очередь, является доказательством того, насколько эффективно европейские страны проводят политику «мягкой силы» через программу Erasmus+. Вместе с тем, среди подрастающего поколения стран Центральной Азии наблюдается ежегодное повышение желания учиться в европейских странах.

В данной статье будет проведен политологический анализ мнений казахстанских студентов по получению образования в странах Центральной Азии, в том числе в странах Европы. Участие студентов высшего образования в программе академической мобильности, Erasmus+ анализируется с помощью экономических и социальных исследований. В частности, изучаются готовность студентов к обучению за рубежом, достаточность информации о программе, преимущества и недостатки международной мобильности.

**Ключевые слова:** Erasmus+, Центральная Азия, политологический анализ, образование, академическая мобильность, мягкая сила.

**Nurkanat Alimgazyuly, Tengesh Kalenova**

## **ERASMUS + PROGRAM AS A FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF EDUCATION IN CENTRAL ASIA: POLITICAL ANALYSIS**

**Abstract.** For the countries of Central Asia, the Erasmus+ program has become an important mechanism for the internationalization of higher education institutions and the exchange of experience on a regular basis. It should be borne in mind that in European countries, students exchange experience not only in the field of education, but also in cultural terms. This, in turn, is evidence of how effectively European countries are pursuing a policy of “soft power” through the Erasmus+ program. At the same time,

among the younger generation in Central Asian countries, it can be seen that the desire to study in European countries increases every year.

This article provides a political science analysis of the views of Central Asian, including Kazakh students on education in European countries. Academic mobility, participation of higher education students in the Erasmus+ program is analyzed through research from an economic and social point of view. In particular, the readiness of students to study abroad, the sufficiency of information about the program and the advantages and disadvantages of international mobility are studied.

**Keywords:** *Erasmus+, Central Asia, political analysis, education, academic mobility, soft power.*

## КІРІСПЕ

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер еліміз үшін саяси және экономикалық серіктестерінің біріне айналды. 1995 жылы қол қойылған «Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім» Қазақстан мен ЕО арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізін қалады. Екіжақты ынтымақтастық білім беру саласына да қатысты бағдарламаларға (TEMPUS) жол ашты. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларын реформалауға және еуропалық стандарттарға сәйкес дамытуға ықпал ететін Болон білім беру жүйесі процесіне интеграциялануға мүмкіндік алды. Қазақстан Орталық Азия көшбасшы ел ретінде Еуропалық Одақпен білім саласында тығыз қарым-қатынас орната алды. Болон білім беру жүйесін де өзге Орталық Азия елдерінен қарағанда тиімді қолданып келеді. Болон жүйесі отандық білімді еуропалық стандарттарға сәйкестендіру, біліктіліктермен академиялық сатыларды тану, студенттер мен оқытушылардың академиялық икемділігін қамтамасыз ету және отандық жоғары оқу орындары түлектерінің дипломдары Еуропада танылуы және түлектердің шетелдерде диплом бойынша жұмыс істеу мүмкіндігін кеңейту сияқты бірқатар басымдықтар берді.

Орталық Азия елдері де өзара жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған бірнеше маңызды қадам жасады. Сонын бірі 2021 жылы қол қойылған «Түркістан декларациясы». Бұл құжат аймақтағы жоғары оқу орындарының ғылыми, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін біріктіруге бағытталған.

Орталық Азия елдерінде өзара және Еуропалық Одақпен де білім саласында байланыс орнатылған. Қазіргі таңда Erasmus+ және тағы

да басқа білім алуға бағытталған бағдарламалар арқылы Орталық Азия білім алушылары Еуропада өз білімін жетілдіруге мүмкіндігі бар. Аталған бағдарламалардың тиімділігін анықтау үшін Еуропада білім алған студенттер арасында сауалнама жүргізіліп, талдау жасау арқылы Erasmus+ бағдарламасының маңыздылығы анықталады.

Erasmus + бағдарламасы Еуропалық Одақтың білім беру саласындағы маңызды бастамаларының бірі болып табылады. Ол студенттермен, оқытушылармен және оқу орындарымен алмасу мүмкіндіктерін ұсынады, сонымен қатар білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа ықпал етеді. Орталық Азия, атап айтқанда Қазақстан контекстінде Erasmus+ білім беру жүйесін дамытудың және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуінің маңызды факторы ретінде қарастырылады.

Мақала мақсаты – Орталық Азия студенттерінің Еуропалық бағдарлама арқылы білім алуының маңыздылығы мен салдарын анықтау, студенттер пікіріне талдау жасау.

## **ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ**

Erasmus+ бағдарламасы туралы мәліметтер оның ресми сайтынан алынды. Бағдарламаның соңғы бес жылдағы есебі талқыланып, аналитикалық зерттеу жүргізілді. Қазақстандық бағдарламаға қатысушы студенттер арасында сауалнама жүргізіліп, бағдарлама қатысушыларының пікіріне талдау жасалынды. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына қатысты еуропалық ғалымдардың еңбектері қамтылды.

## **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

### **ERASMUS + БАҒДАРЛАМАСЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІК**

Дамыған, бәсекелестік күшті XXI ғасырда экономикалық алға жылжудың басты драйвері білімді маман, білікті жұмыс күшінде. Білікті жұмыс күшін әзірлеу ел экономикасының өсуінің негізгі факторы. Тісінше ел экономикасы білім - ғылымға негізделіп, біліктілікті арттыруға, жоғары біліммен қамтамасыз етуі қажет. Білімнің басты мақсаты ғылымға көңіл бөлу, жоғары білімді дамыту. Еуропалық Одақтың «Лиссабон стратегиясының» (2000) міндеті 10 жылдан кейін Еуропаны әлемде серпінді дамып келе жатқан білімге негізделген экономикаға айналдыру деп жарияланды. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білімді интернационалдандыру Еуропада басты аспектіге айналды. Erasmus+ бағдарламасы секілді тәжірибе

алмасу бағдарламаларының негізгі мақсаттары халықаралық деңгейде студенттердің алмасуын арттыру болды және бұл мақсатта табысты әрекет етті. Аталған бағдарлама студенттер мен оқытушыларды үшін халықаралық тәжірибе жинауда және жоғары оқу орындары арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты арттыруда және бірлескен ортақ жобаларды әзірлеуге оң септігін тигізеді (Aslan and Jacobs 2014).

Erasmus – Еуропалық Одақ қаржыландыратын, Еуропадағы жоғары білім үшін ең танымал халықаралық ұтқырлық бағдарламасы. Бағдарламаға қатысушылар саны жыл сайын өсуде. 2014 жылдан бастап соңғы 10 жылда бағдарламаға өтініш білдірушілер, қатысушылардың саны айтарлықтар артты. Мәселен 2014 жылы бағдарламаға жалпы саны 259 138 адам қатысса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 1 244 789 адамға жеткен. Соңғы 10 жылда 9 244 781 адам Erasmus бағдарламасына қатысса, 1987 жылы бағдарлама қызметін бастаған күннен 16 миллионнан астам қатысушы тіркелген. Ең көп қатысушылар санын жоғары оқу орындарының студенттері және мектепте білім алушылары тіркеген. Гендерлік айырмашылық тұрғысынан қарағанда, қатысушылардың 58,1%-ын әйелдер құрайды. Толық ақпарат 1-суретте көрсетілген (Erasmus, n.d).



1-сурет. Дереккөз: Erasmus+ сайты (<https://webgate.ec.europa.eu>)

Соңғы жылдары Erasmus бағдарламасына қатысушылардың санының артуына қарап неліктен студенттердің басым бөлігі Еуропада білім алуға құштар? – деген сұрақ туындайды. Жауабы қарапайым: әлемде үздік деп танылатын ТОП-10 университеттер қатары Еуропалық жоғары оқу орындарымен толып тұр. Осы үздік білім ордаларында білім алу жарқын болашақтың кепілі. Сауалнамаға қатысушы студенттердің 90% Еуропада білім алу ұнағанын айтады. Орталық Азия студенттерінің Еуропада оқуға құлшынысын арттыратын бірнеше себеп бар. Мәселен:

1. Ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері: ғылыми орталықтарындағы заманауи зертханалар жетерлік. Бұл студенттерге кедергісіз зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

2. Мәдени әртүрлілік: Еуропа түрлі мәдениеттердің тоғысқан жері болғандықтан, әртүрлі мәдениеттермен танысып, шет тілдерін меңгеруге тиімді мүмкіндік.

3. Өмір сүру сапасы және қауіпсіздік: Еуропа елдерінде өмір сүру сапасы, қауіпсіздік, еркіндік деңгейі жоғары.

4. Академиялық еркіндік.

- бұл ақпараттар Еуропада оқыған студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінен алынды (Maiworm 2001).

Бүкіл әлемді жаулаған пандемия уақытында (2020 жыл) бағдарламаға қатысушылардың саны да, қаржыландыру да қысқарғаны түсінікті. Алайда 2022 жылы қатысушылардың саны рекордтық көрсеткішке жетті. 2014 жылдан кейін бағдарлама қатысушыларының саны күр өсуіне себеп болған Еуропалық комиссия шешімі. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер студенттерінің арасында ұтқырлық сұранысқа ие болғаннан кейін, 2015 жылы Еуропалық комиссия KA107 бастамасын (қазір KA171 деп аталады) іске қосты. Бұл шешім Erasmus+ бағдарламасын халықаралық деңгейде аумағын кеңейтті. Осы бастама бойынша Erasmus+ интернационалдандырудың нағыз құралына айналды, ал Орталық Азия елдері жоғары оқу орындары ЕО екі бағытта да қаржыландырған кіріс, шығыс жұмылдырудан пайда көре алады (Erasmus 2023).

2015 жылдан бастап Орталық Азияның 7 118 азаматы Еуропада білім алса (2-сурет), 2 479 Еуропалық білім алушыны өз елдерінде қабылдаған (3-сурет) барлығы дерлік жоғары білім алушылар. Сонын ішінде Қазақстан 3 726 студентті Еуропаға жіберіп, 1 293 студентті қабылдаған. Бұл Орталық Азия елдері арасында ең үздік нәтиже.



2-сурет. Erasmus+ бағдарламасына қатысушы Орталық Азия студенттеріне талдау.  
Дереккөз: Erasmus+ сайты (<https://webgate.ec.europa.eu>)



3-сурет. Erasmus+ бағдарламасы арқылы Орталық Азияға келген студенттерге талдау.  
Дереккөз: Erasmus+ сайты (<https://webgate.ec.europa.eu>)

Жоғары оқу орындары үшін білімді студенттердің басым болуы жақсы бедел мен сапалы жұмыстың белгісі. Қазақстанда Еуропадан алған тәжірибе, білім жоғары бағаланатыны сөзсіз. Ал осы қазақ студенттері Erasmus+ ұтқырлық бағдарламасы арқылы оқуға қаншалықты дайын? Сондай-ақ, бағдарлама туралы ақпараттандыру жеткілікті ма?

Еуропада білім деңгейі, дәрістердің өту барысы біздің елімізбен салыстырғанда өзгеше. Қазақстан Болон білім беру жүйесіне көшкенімен, оның толыққанды әрі тиімді жұмыс істеп тұрғанын айту қиын. Тиісінше Еуропаға білім алуға барған студенттердің басым бөлігі білім беру жүйесіндегі өзгешелікті байқайды. Салаунамаға қатысушылардың басым бөлігі Еуропалық университеттерде білім алу барысында ешқандай қиындық туындамағанын жеткізді. Жергілікті немесе ағылшын тілін жетік меңгерген студенттер үшін дәрістерді түсіну, жаңа білім үйрену барысында кедергілер кездеспеген. Алайда дәрісті практика жүзінде іске асыру барысында қиындықтар болғанын жасырмайды, әсіресе лаборатория қажет ететін мамандықтарда. Оған себеп Қазақстандағы университеттердің соңғы үлгідегі лабораториямен қамтамасыз етілмеуі. Бірақ, студенттердің басым бөлігі жақсы білім деңгейін көрсетіп, шәкіртақы алу мүмкіндігін сақтап қалады. Ескеретін жәйт Еуропаға жолдама алу үшін студенттер бірнеше кезеңдік іріктеуден өтеді. Тиісінше тек оқу үлгерімі жақсы студенттер жолдама алады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Erasmus+ бағдарламасы Орталық Азия елдеріндегі жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануына, білім алмасуға және болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан студенттері үшін Erasmus+ бағдарламасы үлкен сұранысқа ие. Қазақстанның Болон процесіне қосылуы және еуропалық білім беру стандарттарына бейімделуі студенттердің Еуропа білім алуына қолайлы жағдай туғызды. Қазақстандық студенттердің бағдарламаға белсенді қатысуы елдегі жоғары білім сапасының артуына және халықаралық серіктестіктің күшеюіне ықпал етеді.

Erasmus+ бағдарламасына қатысу барысында студенттер белгілі бір қиындықтарға тап болады. Атап айтқанда, ақпараттық қолжетімділік мәселесі, академиялық жүйедегі айырмашылықтар және зертханалық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі кейбір студенттер үшін қиындық тудырады. Бұл мәселелерді шешу үшін жергілікті университеттер мен мемлекеттік органдар студенттерді бағдарлама туралы кеңінен ақпарат-

тандыру, академиялық инфрақұрылымды жақсарту және студенттердің шетелдік білім беру жүйесіне бейімделуін қолдау бағытында жұмыс жүргізуі қажет.

Өңірлік саясат тұрғысынан алғанда, Erasmus+ бағдарламасының ықпалы тек жеке студенттер деңгейінде ғана емес, сонымен қатар жалпы Орталық Азия елдерінің білім беру жүйесіне де әсер етеді. Еуропалық білім беру жүйесінің үздік тәжірибелерін енгізу арқылы Орталық Азия елдері өздерінің жоғары оқу орындарының сапасын жақсартып алады. Сонымен қатар, өңірлік ынтымақтастықты нығайту мақсатында Erasmus+ бағдарламасы аясында Орталық Азия университеттері мен Еуропалық жоғары оқу орындары арасында ұзақ мерзімді серіктестік орнату қажет.

Erasmus+ бағдарламасы Орталық Азия студенттеріне халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті білім алу мүмкіндігін ұсынатын тиімді құрал екені анық. Бағдарлама арқылы алынған білім мен тәжірибе студенттердің жеке дамуына ғана емес, тұтас қоғамның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне де ықпал етеді. Алдағы уақытта Erasmus+ бағдарламасын одан әрі кеңейту, бағдарламаның тиімділігін арттыру және білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайту жолында мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді күшейту қажет. Өйткені, Erasmus + бағдарламасы Орталық Азия елдерінің білім беру жүйелерін дамытуға ғана емес, сонымен қатар халықаралық байланыстарды нығайтуға, мәдени және зияткерлік алмасуды қолдауға ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Атап айтқанда, Қазақстанда ол білім беруді жаңғыртудың, академиялық ұтқырлықты кеңейтудің және оқыту сапасын жақсартудың негізгі факторына айналды. Erasmus + көмегімен Қазақстанның студенттері мен оқытушылары білім мен тәжірибе алмасу үшін бірегей мүмкіндіктерге ие болады, бұл қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Саясаттанулық талдау тұрғысынан алғанда, Erasmus + бағдарламасы «жұмсақ күш» стратегиясының бөлігі ретінде әрекет ететін Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы сыртқы саясатының маңызды элементі болып табылады. ЕО осы бағдарламаның көмегімен сенімгерлік және өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыта отырып, Орталық Азиямен, атап айтқанда Қазақстанмен байланысын нығайтады. Өз кезегінде, Қазақстан үшін Erasmus+ - ке қатысу тек білім беру ғана емес, сонымен қатар жаһандық білім беру қауымдастығына кірігу және Еуропамен саяси және экономикалық байланыстарды дамыту жолындағы стратегиялық қадам болып табылады.

Осылайша, Erasmus+ Қазақстанның Еуропалық Одақпен неғұрлым терең саяси және мәдени өзара іс-қимылына ықпал ететін маңызды факторға айналуда.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Aslan, and Jacobs. 2014. “Erasmus Student Mobility: Some Good Practices According to Views of Ankara University Exchange Students.” *Journal of Education and Future* 5: 57–72.

Erasmus+ бағдарламасының платформасы. *Erasmus+ Public Dashboard - Learning Mobility*. Accessed February 2, 2025. <https://erasmus-plus.ec.europa.eu/document/erasmus-international-credit-mobility-handbook-for-participating-organisations>.

European Commission. 2023. “*Erasmus+ International Credit Mobility: Handbook for Participating Organisations*. Luxembourg: Publications Office of the European Union”. Accessed February 2, 2025. <https://erasmus-plus.ec.europa.eu/document/erasmus-international-credit-mobility-handbook-for-participating-organisations>.

Maiworm. 2001. “ERASMUS: Continuity and Change in the 1990s”. *European Journal of Education* 36 (4): 459–472.

## REFERENCES:

Aslan, and Jacobs. 2014. “Erasmus Student Mobility: Some Good Practices According to Views of Ankara University Exchange Students”. *Journal of Education and Future* 5, 57–72.

Erasmus+ бағдарламасының платформасы. *Erasmus+ Public Dashboard - Learning Mobility*. Accessed February 2, 2025. <https://erasmus-plus.ec.europa.eu/document/erasmus-international-credit-mobility-handbook-for-participating-organisations>.

European Commission. 2023. “*Erasmus+ International Credit Mobility: Handbook for Participating Organisations*. Luxembourg: Publications Office of the European Union”. Accessed February 2, 2025. <https://erasmus-plus.ec.europa.eu/document/erasmus-international-credit-mobility-handbook-for-participating-organisations>.

Maiworm. 2001. “ERASMUS: Continuity and Change in the 1990s”. *European Journal of Education* 36 (4): 459–472.